

ӘОЖ 82; 82-3; 82-9; МҒТАР 17.01  
<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.14>**М.Т. ШОХАЕВ**<sup>1✉</sup>, **Р.С. ТҰРЫСБЕК**<sup>2</sup><sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: mshokhayev@mail.ru<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: rst58@mail.ru**КӨНЕ GERMAN ЭПОСЫ «НИБЕЛУНГ ЖЫРЫ» МЕН  
«АТИЛЛА. БАЛҚАН ТАУҒА БАРҒАНДАР» РОМАНЫНДАҒЫ  
ЕДІЛ ПАТША ОБРАЗЫ**

**Аңдатпа.** Зерттеу мақаласында авторлар тарихи тұлғаның батыстық және шығыстық әдеби туындыларда әркелкі бейнеленуі мәселесіне тоқталады. Сол себептен де зерттеу нысаны ретінде қазақ тарихи романы мен шетелдік көне заман эпикалық туындысы алынды, ол арқылы Еділ қағанның әдеби-көркем бейнесінің жасалуындағы әр шығармадағы өзгешеліктер мен ұқсастықтарды анықтауға мән берілді. Бұл тұста, осындай айырмашылықтардың орын алуына авторлардың ұстанымының тікелей әсер ететінін, сонымен қатар кейіпкер бейнесін жасауда өзге де факторлардың назардан тыс қалмауы керек екенін алға тартты. Аталған мәселе бойынша мақсатқа жету үшін отандық және шетелдік авторлардың теориялық, тарихи еңбектері басшылыққа алынды. Мақаланың тағы бір өзектілігі – қарастырып отырған туындылардың бұрын-соңды қазақ әдебиеттану ғылымында іргелі зерттеулердің зерттеу нысаны ретінде терең бағамдалмағандығы. Зерттеу барысында Т. Зәкенұлының «Аттила. Балқан тауға барғандар» тарихи туындысында көрініс тапқан әдеби образ жасаудағы төл әдебиетіміздегі әдіс-тәсілдердің ерекшелігіне де, сонымен қатар көне герман эпосы «Нибелунг жыры» туындысының мақсатына да назар аударылды. Екі шығармадағы Еділ қаған бейнесін жасаудағы көркемдік шешімдерге, тарихи деректерге жасалған интерпретацияларға, тарихи тұлғаның мінез-құлқына, психологиясына баға берілді.

**Кілт сөздер:** тарихи туынды, образ, Атилла, Нибелунг, авторлық ұстаным.

**M.T. Shokhayev<sup>1</sup>, R.S. Turysbek<sup>2</sup>**<sup>1</sup>PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: mshokhayev@mail.ru<sup>2</sup>Doctor of Philology, Professor  
L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: rst58@mail.ru**The Image of King Edil in the Ancient German Epic «The Nibelungenlied» and in the Novel  
«Atilla. Balkan Tauga Bargandar» (Attila. Those who Visited the Balkan Mountain)**

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Шохаев М.Т., Тұрысбек Р.С. Көне герман эпосы «Нибелунг жыры» мен «Атилла. Балқан тауға барғандар» романындағы Еділ патша образы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 161–175. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.14>

**\*Cite us correctly:**

Shohaev M.T., Turysbek R.S. Kone german eposy «Nibelung jry» men «Atilla. Balqan tauga bargandar» romanynadagy Edil patsha obrazы [The Image of King Edil in the Ancient German Epic «The Nibelungenlied» and in the Novel «Atilla. Balkan Tauga Bargandar» (Attila. Those who Visited the Balkan Mountain)] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – B. 161–175. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.14>

**Abstract.** In the research article, the authors touch upon the problem of the heterogeneous representation of a historical person in Western and Eastern literary works. Therefore, the Kazakh historical novel and a foreign epic work of antiquity were taken as the object of research, through which attention was paid to identifying differences and similarities in each work in creating a literary and artistic image of the kagan Yedil. At the same time, it was suggested that the appearance of such differences is directly influenced by the position of the authors, and other factors in creating the image of the hero should not be overlooked. To achieve the goal on this issue, theoretical and historical works of domestic and foreign authors were considered. Another relevance of the article lies in the fact that the works under consideration have never been deeply evaluated as an object of fundamental research in the Kazakh literary science. In the course of the study, attention was drawn to the specifics of the methods and techniques of creating a literary image reflected in T. Zakenuly's historical work "Attila. Balkan tauga bargandar" (Attila. Those who Visited the Balkan Mountain), and the purpose of the ancient German epic "The Song of the Nibelungs". The assessment of artistic solutions in creating the image of the Kagan Edil in two works, interpretations of historical sources, the behavior of a historical personality and psychology is given.

**Keywords:** historical work, image, Attila, Nibelung, author's position.

**М.Т. Шохаев<sup>1</sup>, Р.С. Турысбек<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева  
(Казахстан, г. Астана), e-mail: mshokhayev@mail.ru*

*<sup>2</sup>доктор филологических наук, профессор  
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
(Казахстан, г. Астана), e-mail: rst58@mail.ru*

### **Образ царя Едил в древнегерманском эпосе «Песнь о Нибелунгах» и в романе «Атилла. Балкан тауга баргандар»**

**Аннотация.** В исследовательской статье авторы затрагивают проблему разнородного изображения исторической личности в западных и восточных литературных произведениях. Поэтому в качестве объекта исследования были взяты казахский исторический роман и зарубежное эпическое произведение древности, посредством которого было уделено внимание выявлению различий и сходств в каждом произведении в создании литературно-художественного образа кагана Едил. При этом было высказано предположение, что на возникновение таких различий напрямую влияет позиция авторов, а также не следует упускать из виду и другие факторы в создании образа героя. Для достижения цели по данному вопросу были рассмотрены теоретические, исторические труды отечественных и зарубежных авторов. Еще одна актуальность статьи заключается в том, что рассматриваемые произведения никогда не были глубоко оценены как объект исследования фундаментальных исследований в казахской литературоведческой науке. В ходе исследования было обращено внимание как на специфику методов и приемов создания литературного образа, отраженного в историческом произведении Т. Закенулы «Атилла. Балкан тауга баргандар», так и на назначение древнегерманского эпоса «Песнь о Нибелунгах». Дана оценка художественным решениям в создании образа Кагана Едил в двух произведениях, интерпретациям исторических источников, поведению исторической личности и психологии.

**Ключевые слова:** историческое произведение, образ, Атилла, Нибелунг, авторская позиция.

### Кіріспе

Қай ғасырдағы әдеби туындыларға қарасақ та, батыс пен шығыс авторлары қозғаған тақырыптар мен көтерген мәселелерде, жасаған кейіпкерлер мен ұсынған идеяларда олардың қандай да бір тарихи оқиға мен тарихи тұлғаның іс-әрекетіне қатысты көзқарастарында айырмашылықтар барын байқаймыз. Бұл айырмашылықтар негізінен тарихи оқиғалар мен деректердің көпнұсқалылығынан және әр автордың солардың біреуіне сүйенуіне еріктілігінен болады. Ішінара ұқсас ойлап, бір тарапта сияқты көрінгенімен, Шыңғысхан, Александр Македонский секілді аңыз тұлғаларға келгенде, біз қарастырмақ Ғұндарға әмір болған Атилла турасында сөз болғанда жазушылардың авторлық позициясы әр түрлі болуы мүмкін. Мысалға, Шыңғысханның ұлы тұлға екендігі көпке мәлім болғанымен, олар туралы жазылған шығармалардың бір тобы Ұлы Қағанның ерлігін, кемеңгерлігін, ұлы арманын сөз етіп, атын әспеттейді. Ал енді бір тобы Шыңғысханның әлемді жаулап алудағы әрекетін қанішерлікпен байланыстырады. Шыңғыстың ұлылығын мойындап, оның алып империя құрудағы ісіне оң баға берсе де, елдерді жаулап алып, қаншама адамның қанын мойнына жүктегені үшін қағанды жабайылықтың символына теңегендер де кездеседі. Жоғарыда айтылған сөздерімізге мысал келтірсек, қазақ жазушысы Мұхтар Мағауиннің «Шыңғысхан» атты төрт кітаптан тұратын тарихи деректі хикаясында бас кейіпкерге мынадай баға берілген: «XIII ғасырдың алғашқы ширегінде бүкіл Еуразия кеңістігін өз ғұзырымен қайта құрған, ал тиянақтап, бағдарлап кеткен бар ісі бұдан соңғы заманда мағлұм әлемді мүлде басқаша қалыптауға негіз болған Шыңғыс хан – адамзат тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірегейі екені күмәнсіз. Кеңінен қамтып, тереңіне бойлай алмасақ та, сөз ұққан, хат таныған кезімізден көкірекке орнаған өзгеше бейне, Алып Ер екен» [1]. Осы үзіндіден-ақ Мағауиннің Шыңғысханға деген көзқарасын анық байқауға болады. Ол үшін Шыңғысхан – аңыз адам, алып тұлға. Ал қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, аға буын Мұхтар Шахановтың ұғымында Шыңғысхан – зұлым адам. Шаханов өзінің «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғысханның қателігі» атты дастанында:

«Безбүйрек жау сәбилерді,

Шал-шауқанды, кемпірді,

Тіпті жүкті әйелдің де ішін жарып өлтірді» [2, 306-б.] деп жазуы арқылы, Шыңғыстың бөтендігін тілге тиек етіп, безбүйрек жауға теңейді де, оның Отырарды (Фараб) қиратып, әлемдік өркениетке келтірген залалын кешіре алмайды және дәл осы тақырып әлі күнге дейін екі қазақ жазушысының басын бір арнаға тоғыстырмай тұрған мәселелердің бірі. Василий Янның «Нашествие монголов», Исая Калашниковтың «Жестокий век», Конн Иггульденнің «Чингисхан» секілді тарихи шығармаларын оқыған оқырмандар да өмірі қанды қасапқа толы болған Шыңғысханның әрекеттерінен әр түрлі әсер алуы мүмкін. Әлемге әйгілі Александр Македонский де Шыңғысхан секілді талдап, баға беруге қиын тұлғалардың бірі. Шығыс елдерінде Ескендір Зұлқарнайын (Қос мүйізді) атымен танымал Александр Македонский туралы аңыздардың бір шеті діни әңгімелерде жатса, енді бір шеті әдеби шығармаларда жатыр. Мэри Рено, Василий Ян, Ольга Эрлер, Филипп Фриман секілді жазушылар Ескендір бейнесін әр қилы сомдап, бірі оны жарты құдайға теңесе, бірі әділетті тиран, ұлы қолбасшы деп бағалайды. «Ескендір патша туралы көптеген елдерде аңыз-әфсаналар кең тараған. Бір қызығы соларды таратушылар ғұндардың патшасы Еділ (Аттила) туралы тізе бүккен Еуропа халықтары сияқты Ескендірге де бағынған шығыс халықтары оны өзге көрші халықтар езгісінен құтқарушы ретінде қабылданғандықтан, олардың мифтік кейіпкеріне айналған» [3, 319-б.]. Шығыс халықтарының танымал тұлғаларының шығармаларында Александр бейнесі негізінен жағымды суреттелгенімен, жағымсыз болып та сипатталатын тұстары бар. «Ескендір-наме» секілді дастан арнаған Низами мен Ахмеди секілді шығыс шайырлары Александр Македонскийді Иран елінің ең мықты патшасы ретінде бағалап, оның Зороастризмнің ықпалын кетіріп, дінді жат ағымдардан тазалаған еңбегін жоғары бағалайды.

Ал Фирдоусидің «Шахнамесінде» ұлы жаулап алушыға бейтарап баға берілгенімен, Ардашир ханның аузына сөз салу арқылы оның мінезіндегі кемшілікті сынап, негатив ой жеткізеді. Қазақ ақыны Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасында да даңқы асқақ Филипп патшаның ұлы Александрдың сипаты әлемді жаулаудағы ниеті үшін қанағатсыз, тойымсыз, ынсапсыз патша ретінде көрсетіледі:

«Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,

Өлсе тояр, көзіне құм құйғанда» [4, 67-б.]. «Рас, бұл сюжетті Абай өзінше жырлап, жаңаша философиялық түйін жасады. Абай жасаған Ескендір бейнесі Фирдоуси, Низами, Әмір Хосрау, Жәми, Науаи, т.б. жырлаған Ескендірге мүлдем ұқсамайды. Шығыс классиктері Ескендірді барынша мадақтап, оны халықтың қамқоршысы етіп көрсеткен, Абай оны талай елді зар жылатып басып алған тонаушы ретінде бейнелейді» [5, 231-б.]. Дегенмен оның даналығына, ұлылығына ешқандай да шек келтірмейді.

Мақалаға негіз болған Ғұндардың тәңірқұты Атилланың (Еділ) әдеби-көркем бейнесі де Шыңғысхан, Ескендір секілді тұлғалармен ұқсас. Даңқты қағанның өмірі мен Еуропаға жорығын, оның жұмбақ өлімін баян еткен кітаптардың да есебі жоқ. Атилла есімі көне германдық «Нибелунг» жырында, «Видсид» поэмасында, скандинавиялық сагаларда, тіпті Дантениң атақты «Құдіретті комедия» поэмасында да кездеседі. Азиялық ақын-жазушылардың да Ғұндардың тұрмыс-тіршілігін, Атилланың ерлігін баяндап жазған туындылары жетерлік. Алайда әлемге Атилла атымен танымал Еділ қағанның көпке мәлім бейнесі көбінесе батыс әдебиеті өкілдерінің шығармалары негізінде жасалған. Атилла туралы жарық көрген көркем фильмдер мен деректі фильмдер де негізінен батыстық көркем шығармаларда сомдалған Атилланың әдеби бейнесіне негізделген. Өзі туралы жазылған кітаптарда әркелкі сомдалып, бірде «жабайы», бірде «ұлы қаған», бірде «әйелқұмар патша», бірде «тиран», бірде «өркениетті ойрандаушы», бірде «Құдайдың қамшысы» ретінде танылып жүрген Атилланың бейнесіне қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің өз қоспағы бар. Қазақ тілінде жазылған Еділ патша жөніндегі әр түрлі жанрдағы тарихи туындыларға баға беріп, ол турасындағы өлең-жырларды талдасақ, Атилланың (Еділ) төл әдебиетіміздегі сипаттары «Ұлы Тәңірқұт» тірексөзінің маңына топтасатынын байқауға болады. Сол шығармалардың ішінде Тұрсынхан Зәкенұлының «Атилла. Балқан тауға барғандар» тарихи романының оқырманға да, тарихшыларға да берері мол. «Тарихта анық орын тепкен, халық санасында өшпестей із қалдырған, кейде ертегі, кейде аңыз секілденіп, қазіргі қауымға бұлдырап елестейтін құбылыстардың табиғатын танып, көркемдік шындығын ашу, сол арқылы ел шежіресін жаңа қырынан, нақтырақ таныстыру қаламгерлеріміздің қасиетті борышы. Бұл ретте тарихи романшылардың үлкен отаншылдық ойдан туған ізденістері мен жемістері барынша қолдарлық» [6, 401-б.]. Қанша ойдан туған десек те, кез келген көркем туындының жай ғана жалаң қиялға, шебер бұрмалауға, өтірікке құрылмайтыны, сол себептен де негізгі тарихи оқиғалардың бұрмаланбайтыны анық. Т. Зәкенұлының бұл туындысы Еділ бейнесін өзіне тән авторлық қолтаңбасымен аша білгендігімен, авторлық ұстанымымен ерекшеленеді.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу мақаламыздың басында айтып өткендей, батыстық және шығыстық шығармалардағы Еділ бейнесінің айырмашылығы мен ұқсастығын анықтауда қос әдеби шығарманы салыстыра, салғастыра қарастырудың, талдаудың маңызы зор. Сол себепті зерттеу мақаласының негізгі нысаны ретінде көне герман эпосы «Нибелунг жыры» мен Т. Зәкенұлының «Атилла. Балқан тауға барғандар» тарихи романы алынды. Ежелгі ғұндар кезеңі, көне герман тайпалары, олардың бір-бірімен қарым-қатынасы туралы баяндаған бұл шығармалар «Тәңірдің отты қамшысы» атанған Атилланың (Еділ, Этцель) әдеби-көркем бейнесін ашуда маңызды туындылар деп білеміз. Осы мақсатқа жету үшін мақалада тарихи-

мәдени, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы, сипаттамалық әдістер қолданылды, сонымен қатар шетелдік ғалымдар мен Еділ қаған турасында жазылған туындыларға шолу жасалды.

### Талдау мен нәтижелер

«Әдеби шығармада суреттелген оқиға шындық өмірдің көркем көрінісі екені белгілі. Сондықтан сол әдеби шығармадағы қандай да бір көркемдік әлем де белгілі уақыт пен кеңістікте өтетіні ақиқат. Кеңістік те, уақыт та шексіз екені тағы да аян. Ал оны жазушы қалай көре білді, қалай таныды, оның өзінше диттеген аумағы көркем туындыға қалай көшірілді деген мәселе әдебиеттану ғылымында ой жіберетін аса күрделі процестің бірі» [7, 122-б.]. Тарихи роман авторының сөзіне сүйенсек, роман бірнеше жыл бойғы еңбектің, ізденістің жемісі. «Өткен заман оқиғалары мен адамдар тағдырын жаңғырта көрсетудің өзіндік қиындығы көп. Соның бірі – белгілі дәуірге, кезеңге тән оқиғалар, байланыстар, мінездер құрамын дәл екішеп алу мәселесі. Жазушыға таудай тірек болатын ерте заманның жазба деректері, шежірелер, тарихи аңыздар, тағы басқа жәдігерлер. Мұндай деректер кем соққан жерде қаламгер міндетінің қиындай түсетіні кәміл» [8, 305-б.]. Атилла бейнесін жасауда Тұрсынхан Зәкенұлы осыған дейін жазылған батыстық, шығыстық шығармалармен санасып қана қоймай, ауыз әдебиеті үлгілеріне, барлығын бірдей шолып шығуға қолжетімсіз болса да, Қытай елінің мұрағаттарындағы тың деректерге сүйенеді. Қай тұсынан қарасақ та, Атилланың алып тұлға екендігін көзі қарақты оқырман, көрген-білгені мол ғалымдар жоққа шығара алмайды. 1995 жылы Бүкіләлемдік ақпарат орталығы һәм Америкада шығатын әйгілі «Вашингтон пост» басылымы сараптау, сауалнама негізінде Шыңғыс ханды екінші мың жылдықтың ең басты тұлғасы деп жариялаған болса, «Видсид» көне герман поэмасында әлемдегі ең мықты адамдардың ішінде Атилла қаған ғұндардың әміршісі ретінде Александр Македонскийден кейін екінші тұр. Көне Еуропа құрлығында оның ықпалының зор болғандығы соншалық, әлі күнге дейін Атилланың құрметіне берілген жер-су атаулары көптеп кездеседі.

Қай уақытта да пікір қайшылықтарының болуы, оны әр түрлі авторлардың бір-бірінен ерекше интерпретациялауы, дамытуы әдебиеттану ғылымының басты мәселелерінің бірі. Осындай жағдайлар Атиллаға қатысты да орын алған. Нақтылар болсақ, Атилланың дүниеге келуі, оған қойылған лақап ат, Римде кепілдікте болуы, өз бауыры Бледаны өлтіруі, көрші елдерге жорық, некелі әйелдері, ұлдары мен сенімді серіктері, тіпті оның жұмбақ өлімі де көркем шығармаларда әркелкі түсіндіріледі. Біз бұл мақаламызда қазақ жазушысы Тұрсынхан Зәкенұлының «Атилла. Балқан тауға барғандар» тарихи романыныңдағы Еділ қаған бейнесін көне герман эпосы «Нибелунг жыры» туындысындағы Этцель (Еділ) бейнесімен салыстыра қарастырамыз.

«Нибелунг жыры» (Das Nibelungenlied) – ортағасырлық германдардың эпикалық поэмасы, адамзат тарихындағы ең танымал туындылардың қатарына жатады. V ғасырда өмір сүрген герман тайпаларының өмірі мен ерлігі туралы баяндалған бұл шығарманың сюжеті Брюнхильда мен Кримхильданың бір-бірінен кек алуына құрылады. Шығарма герман тайпаларына қатысты болғанымен, онда Атилла туралы көптеген деректерді кездестіруге болады. Бір ескере кететіні, бұл шығармада Атилла адуынды, айбатты, даңқты патшадан гөрі қатардағы әміршілер секілді көрінеді.

Жыр өте ауқымды және ондағы оқиғалардың мөлшері көп болғанымен, оны екі бөлікке бөліп түсіндіре аламыз. Алғашқы бөлімінде төменгі Рейннің ханзадасы Зигфрид (Сигурд) пен бүгін ханшайымы Кримхильданың қосылуы және Зигфридтің бүгін патшасы Гюнтердің қалыңдығы Брюнхильданың ойластыруымен Хагеннің қолынан қаза табуы туралы баяндалады. Ал екінші бөлікте өз еркінсіз ғұндардың қағаны Атиллаға ерге шыққан Кримхильданың бүгіндерден, соның ішінде өзінің жары Зигфридті өлтірген Хагеннен кек

алуы туралы және өзінің азғындығы үшін Атилланың сенімді серігі рыцарь Хильдебрандтың қолынан қаза табуы сөз етіледі.

Алдымен Кримхильда кім, соған тоқталып өткеніміз жөн. «Нибелунг жыры» бойынша Кримхильда – бүгін ханшайымы:

«There once grew up in Burgundy / a maid of noble birth,  
Nor might there be a fairer / than she in all the earth:  
Kriemhild hight the maiden, / and grew a dame full fair,  
Through whom high thanes a many / to lose their lives soon dooméd were.  
Three noble lords did guard her, / great as well in might,  
Gunther and Gernot, / each one a worthy knight,  
And Giselher their brother, / a hero young and rare.  
The lady was their sister / and lived beneath the princes' care» [9].

Жоғарыдағы үзіндіге сүйенсек, Кримхильда Бургундияны басқарған ағайынды үшеу – Гунтер, Гернот, Гизельхирдің біреуіне әпке, біреуіне қарындас болып келеді. Бұл кейіпкердің Еділ бейнесін ашуда үлкен маңызы бар. Өзінің сүйіктісі, әрі жары Зигфридтің өліміне дейін Кримхильда ханшайым анасы Ута мен үш бауырының ортасында сайран құрып өседі. Ал Т. Зәкенұлының «Атилла. Балқан тауға барғандар» романында Кримхильда – король қысымына шыдамай, әрі ағайын-туыстарынан көп қағажу көрген соң өз қожайыны Дитрих Бернскиймен бірге Ғұн ордасына қашып келген гүт қызы еді. Ол туралы «Атилла. Балқан тауға барғандар» романында төмендегідей сипаттама беріледі:

«...Қаршадайынан король шаңырағында өскен гүт қызы Керімқұла ақылды әрі зерек еді. Кімге болсын қап-қара сабау кірпкітерін жауып жіберіп, сүзіле қарайтын. Сол қарасынан ақылдылыққа біткен біртүрлі тұңғиық наз да, тәтті мұң да байқалып тұратын...» [10, 90-б.]. Жырда – бүгін, романда гүт болғаны үшін тегінде айырмашылық бар секілді көрінгенімен (гүт (готы), бүгін (бургунды) – көне герман тайпалары), Кримхильданың тумаластары екі шығармада да бірдей берілген, алайда оның тұрмыс құруы, Брюнхильдамен арадағы жанжал, қанды қырғын болған той үсті және оның өлімі туралы және ең бастысы Еділ бейнесін ашатын деректерде айырмашылықтар бар. Тұрсынхан Зәкенұлы өз романын шебер көркемдей білген, соның нәтижесінде Кримхильданың есімін Керімқұла деп өзгертіп, көне түркілердің, ғұндар мен сақтардың тұқымы саналатын қазақтардың тіліне ыңғайлай білген. Ол өзгерісті автор былайша түсіндіреді: «Оны мұндағы жұрт тілі келмей Керімқұла дейтін» [10].

Қос шығармада да Керімқұла (Кримхильда) Атилланың жары болады, бірақ Т. Зәкенұлының романына сүйенсек, Керімқұлаға дейін Атилла үш әйел алған болатын. Кішкентай кезінен атастырылған сүйіктісі Энга аттан құлап, қаза табады. Соңында Еллақ есімді баласы қалады. Содан кейінгі жары Карпат тауын жайлаған Алтынкекіл қарттың қызы Керка болатын. Бұл әйелі «Нибелунг жыры» туындысынан Хельха атымен танымал. Үшінші әйелі – Ордостың сұлуы Эска. Керка мен Эсканың үстіне Еділ Кримхильданы да жар етіп алады, алайда олар әмеңгерлік жолмен қосылады. Әмеңгерлік дейтін себебіміз, Керімқұла Еділдің інісі Бледаның қалыңдығы болатын. Өзінің туысқандарынан Ғұн еліне қашып келген қыздың ықыласы әуел баста онсыз да даңқы асып тұрған Еділге ауғанымен, оған бірінші «шеңгелін салған» Бледа еді. Сол себепті інісі өлгеннен кейін өзі сұлу, өзі ақылды ханшаны ханымдыққа, қамқорлығына алады. «Тарихи романның аса маңызды принциптерінің бірі – ол тарихилық. Бір принципке бойлау сипаты нақты жағдайлардағы адамдар характерлері мен өмір ситуацияларын шынайылықпен бейнелеу талаптарынан келіп шығады, контексте тарихтың – әрбір халықтың және бүкіл адамзаттың жалпы даму қозғалысы тұрады... Бұл қазіргілердің өткен адамдарға, тарихи тақырыпқа, соның ішінде тарихи романға – қарқынды және кең ауқымды көркемдік жанрға деген қызығушылықты анықтайды» [7, 52-б.]. «Өмір қатынастары мен ықыластарын қопара қамту, шындықтың түп тереңіне дейін бару, небір

ауыр ақиқаттың сыртындағы пердесін ашып, анығын аңғарту – романның нақтылы ерекшелігі» [11, 240-б.]. Қалай десек те, романда Атилланың әйелге деген талғамы ерекше болғанын және жалпы әйелге сүйіспеншілігі жоғары патша екеніне куә боламыз. Оны ауыр ақиқат демесек те бірнеше әйел алу, Кримхильданы да жар ету, оған айналасындағы көптеген ақылшыларының, сонымен қатар қарт Едігенің қарсы болуы, Керканың (Хельха) «Алыстан келген жат қатын жаныңа зақым қылмасын, байқа...» [10, 124-б.] деп ескерту жасауы Еділдің құпия өлімінің себебін ымдап жеткізгендей көрінеді және осы тұрғыда роман жырдан ерекшеленіп тұрады. Шығарманың әр тұсында кездесетін бұл секілді автор жасаған амалдар мен көркемдік құралдар Атилланың әлі күнге дейін белгісіз өліміне оқырманды дайындап отырғандай көрінді.

Жыр мен романды салыстыра қарасақ, Кримхильданың Еділге тұрмысқа шығуына қатысты бірнеше сәйкеспейтін тұстар бар. Сәйкеспейді дегеніміз, тарихи оқиғалар баянының көп нұсқалылығынан болып тұр.

Біріншіден, Кримхильда Бледа өлген соң әменгерлік дәстүрмен Еділге әйел болады, ал Нибелунг жырында Кримхильда Зигфридтің өлімінен кейін Еділге зорлықпен қосылады. Ол туралы төмендегі үзіндіден оқып білуе болады:

«Then spake she rich in sorrow: / «Now God forbid to thee  
And all I have of kinsmen / that aught of mockery  
They do on me, poor woman. / What were I unto one,  
Who e'er at heart the joyance / of a noble wife hath known?»  
Much did she speak against it. / Anon as well came there  
Gernot her brother / and the young Giselher.  
In loving wise they begged her / her mourning heart to cheer:  
An would she take the monarch, / verily her weal it were» [9].

Еділге қосыла алмауының басты себептері ретінде Кримхильда бірнеше себептерді көрсетеді. Ең әуелі жесір қалған Кримхильда өмірінің соңына дейін Зигфридті жоқтап, ешкімге жар болмауға бекиді. Ол әрекеті өз тумаластарының аяушылығын тудыруға бағытталған ісі ме, әлде расымен қан жұтып қайғырғанының себебінен бе, ол жағы белгісіз:

«Brother loved full dearly, / wherefore dost counsel it?

To mourn and weep forever / doth better me befit» [9]. Тағы бір себебі, екеуінің екі түрлі дінді ұстануында еді. Қанша «құдіретті» болса да Кримхильда пұтқа табынушы Еділге жар болуды сүйекке таңба салумен бірдей дейді:

«In her own bosom thought she: / «An shall I not deny  
My body to a heathen / – a Christian lady I –  
So must I while life lasteth / have shame to be my own.

An gave he realms unnumbered, / such thing by me might ne'er be done» [9]. Бұл берілген сипат Кримхильданың Еділге ғана емес, сол замандағы тұтас Ғұн елінің халқына берген сипаттамасы десек те болады. Олардың түсінігінде ғұндар пұтқа табынушы елдерден еді. Бір айта кететін нәрсе, Т. Зәкенұлы романы бойынша Еділ ислам, христиан, будда діндерінің бірін ұстанбағанымен, пұтқа табынушы емес еді. Ол – түркілердің Тәңірлік дінін ұстанушы және құдайдан қорқатын билеуші болатын. Жырда – пұтқа табынушы, романда Тәңірге сенетін Еділ болса да, Ұлы қаған бір құдіретке сенушілердің қатарынан еді. Сонымен қатар қос шығармаға да тән Еділде бар қасиет – адамдарды дініне қарай бөліп жармайтындығы, ашықтығы, сене де білетіндігі. Рим папасының берген сөзіне нанып, құдайдың жолында жүрген адамды құрметтегенінен, сол себепті Римге зардап әкелмей, соңына дейін күткенінен оның «уәде – құдай сөзі» деген ұстанымдағы жан екенін көре аламыз. Бұл сөзімізге төмендегі романнан алынған Аэциймен диалогы дәлел бола алады:

«... – Десе де сабырға кел. Маған сен. Сен айтарыңды айттың. Ендігі шешімді Валентинианның өзіне қалдыр.

- Қанша күтемін?
- Бір ай күт. Сен Папаға сөз бердің ғой. Ол – қасиетті адам.
- Иә, ол Тәңірден, Жаратушыдан қорқады екен. Мен де Көк Тәңірден қорқамын» [10, 141-б.].

Сонымен бірге «Нибелунг жырынан» алынған төмендегі үзінділер де біз айтып өткен Еділдің сипатын одан әрі аша түседі:

«Afar the might of Etzel / so well was known around,  
That at every season / within his court were found  
Knights of all the bravest, / whereof ye e'er did hear  
In Christian lands or heathen: / with him all thither come they were.  
By him at every season, / as scarce might elsewhere be,  
Knights both of Christian doctrine / and heathen use saw ye.  
Yet in what mind soever / did each and every stand,  
To all in fullest measure / dealt the king with bounteous hand» [9].

Бұл үзіндіде христиан болсын, пұтқа табынушы болсын, әр түпкірден келген, өз ордасынан табылған батырларға Еділ қашан да жомарт бола білген. Даңқты бүргіндердің басынан кешкен оқиғасын жырлаған туынды да Еділдің біз көрсеткендей сипатқа ие екенін мақұлдайды және оған қоса Еділдің әділетті сипатын айғақтай түседі.

Роман мен жырда сәйкес келмейтін тұстардың бірі – Бледаның (Бледель) өлімі. Осы бір қайшылықтың арасынан да Еділ бейнесі ашыла түседі. «Нибелунг жыры» Бледаны Данкварттың қолынан өлді дейді. Ашулы бүргіннің орнынан тұрып, қылышын суырып, басын шауып үлгергенше, керісінше олардың басын шабуға дайын барған Бледельдің (Бледа) қозғалмауы түсініксіз болып көрінгенімен, жыр баяны осындай:

«Then smote he with it Bloedel / such a sudden blow

That his head full sudden / before his feet lay low...» [9]. Ал Тұрсынхан Зәкенұлы романында Бледаның өлімі туралы сөз болғанда, ағасы інісін өлтірді деген аңызды негізге алады. Дәл осындай тарихи нұсқаға негізделген бұл көркемдік шешім бізге кейінгі Шыңғыс заманында, Осман Империясы кезінде, қазақтың да, жоңғардың да тарихынан орын алған есепсіз таққа таластарды еске салады. Дегенмен, тарихи романға сүйенсек, Атилланың өз бауырын өлтіруге шешім қабылдауына әсер еткен қасында жүрген сенімді серіктері, ақылшылары еді. «Жалпы әдебиеттің басты сипаты да – адамтануға құрылуында. Адамтану – күрделі құбылыс. Адам физиологиялық жағынан тұрақты болғанмен, қоғам-заман талабына сай жан дүниелік, адамдық тұрғыдан үлкен өзгерістерге, жаңашылдыққа бейім келеді. Жаңарған қоғам адамнан жаңа сапаны талап етеді» [12]. Бұл көркемдік шешімі арқылы автордың Еділ бейнесін сомдауда оны таққұмарлықтан бауырының қанын ішкен жандардың қатарына қосқысы келмегенін байқауға болады. Бұлай топшылауымыздың да жөні бар, өйткені «Нибелунг жыры» шығармасында да Этцель (Еділ) мен Бледельдің (Бледа) қарым-қатынасы жоғары деңгейде еді. Әсіресе, Бледель қайтыс болғаннан кейінгі ғұндардың Данквартқа айтқанынан інісінің Еділ үшін қаншалықты жақын және қымбат екенін көруге болады:

«Then Hunnish knights gave answer: / «Thyself the messenger  
Shalt be, when to thy brother / thee a corse we bear.  
So shall that thane of Gunther / first true sorrow know.

Upon the royal Etzel / here hast thou wrought so grievous woe» [9]. Ал енді осындай сипатқа ие бола тұра, Еділдің өз бауырына қастандық жасау себебі неде десек, оны төмендегі ақпардан аңғаруға болады. «On the unexpected death of their uncle Ruga in AD 434, Attila initially ruled with his elder brother Bleda. Although the two brothers always acted in concert, as far as we know, and regarded their empire as a single entity, they divided it between them and ruled separately» [13, 17-б.]. According to Maenchen-Helfen, «Bleda ruled over the tribes in the east,



Attila over those in the west» [14, 86-б.]. Ғұндар елін қаншама ғасырлар бойы екі тәңірқұт қатар басқарған болатын. Мұңзық пен Ақтар, Айбарыс пен Ругила, Еділ мен Бледа – бұлардың барлығы да тең дәрежедегі ғұндардың тәңірқұттары еді. Алайда Атилланың сенімді серігі Ілікшатқа Бледаның және оның қасында жүрген ақсүйек әскербасыларының Атилланың бар екенін ескермей «ұлы тәңірқұт», «бас қаған» деп асқақтата сөйлеуі ұнамай қалады. Ішін күдік шалған Ілікшат ақырында Бледаның не ойлап жүргенін түсініп қояды:

«Тың-тыңдай келе, Ілікшат мұндағылардың Бледаны Ғұн елінің болашақ ұлы қағаны, төбе тәңірқұты етіп тіктемек ойлары барын білді. Бұл ата-баба дәстүріне қайшы еді... Оны Бледа білмейді емес, біледі. Онікі сол дәстүрді біле тұра білмеске салу, жарғы бұзу... Такқұмарлық енді Бледаның көкірек көзін бітеп, кесіп алса қан шықпас безбүйрекке айналдырған жайы бар [10, 84–85-бб.]. Әрине, Бледа да, Еділ де Ғұндардың қағаны болғандықтан екеуіне бірдей қарап, Бледаның да соңына еруге болатын еді, алайда Ілікшат, Айбарыс үшін Ғұн елінің тағдыры маңызды болды. Төмендегі үзіндіге үңілсек, Бледаның мінез-құлқының ел билеушіге сай болмағанын көруге болады: «Тәңір жарылқасын, Ругила тірісінде Еділді көп аузына алатын, оның мына Бледадан үміті үзілгелі қашан. Мұның бұрыннан ойлайтыны – думан-сауық, ит жүгіртіп, құс салу, одан қала берді қыз-қатын!...». Романда «Едігенің байламы» [10, 86–89-бб.] атты Бледаны өлтірудің шешімі берілген тарау бар. Бұл бөлікте Айбарыс пен Ілікшаттың Еділге бармай тұрып, Ғұн еліне қырық жыл кеңесші болған Едігемен Бледаның құпия жоспары және сол үшін Бледаның алдын орап, оны өлімге қию жөнінде ақылдасуы баяндалған. Кішігірім кеңестен кейін ақылшы Едіге төмендегі байламды жасайды: «Ендеше лаң салмай, шу шығармай бітіріңдер... Сөздің қысқасы, уақытты созбай, шалт қимылдап қалыңдар» [10, 88-б.]. Қанша ауыр шешім болса да, Едіге салқындылық танытып, өз байламын былайша ақтап алады: «Мөде тәңірқұт ұлыстың бірлігі үшін өз інісімен қоса әкесін жазым қылды, өйтпесе болмайтын болды. Оған қарағанда Бледаның алдында бетімізбен жер басатындай жайымыз жоқ? Ендеше іске сәт!» [10, 89-б.]. Осыдан кейін Еділмен келіскен Айбарыс, Ілікшаттар тәңірқұт Бледаны өзінің сүйікті ісі аңға алып шығу арқылы Рила ормандарының адам жейтін аюларына жем қылады. Өздері өлтіріп, орман ішінде тастады ма, әлде расында да аюлы жерге апарып, адастырып кетті ме, ол жағы нақты баяндалмайды. Патшалық құрып отырған әулет үшін бауырлар арасындағы осындай қақтығыстар әдеттегідей көрінгенімен, автордың бұл тұста Еділдің сипатын, мінез-құлқын көркемдей білгенін көре аламыз. Бұл романдағы үзінділер арқылы Еділ мен Бледаның бейнесі айшықтала түседі, соның ішінде Еділдің қасындағы сенімді серіктері арқылы оның жан-жағына, аумағына қаншалықты құрметті болғанын, сонымен бірге маңайына адал адамдарды жиыстыра білген қаған екенін көруімізге болады. Егер «Нибелунг жыры» туындысымен салыстыра қарасақ, бұл шығармада да Бледаның даңқ пен байлыққұмар адам болғанына куә боламыз. Еділмен ақылдаспаса да, Кримхильданың қолдауы мен беремін деген алтынына қызыққан Бледа той үстінде шу шығарып, Зигфридтің кегін алып беруге келіседі. Ханша тарапынан берілетін сыйлықтың буына мас болған Бледел Еділ мен Ғұн елінің абыройын ойлап жатпады, ал ол турасындағы жырдың баяны төмендегідей:

«When understood Sir Bloedel / what gain should be his share,  
And pleased him well the lady / for that she was so fair,  
By force of arms then thought he / to win her for his wife.  
Thereby the knight aspirant / was doomed anon to lose his life.  
«Unto the hall betake thee,» / quoth he unto the queen,  
«Alarum I will make thee / ere any know, I ween.  
Atone shall surely Hagen / where he hath done thee wrong:  
To thee I'll soon give over / King Gunther's man in fetters strong» [9].

Шығармалардың ең бір қарама-қайшылығы асқан тұсы – той үстінде болған қанды қырғын. Оның ұйымдастырылуы, онан соңғы Кримхильданың жазасы, екі тараптың айқасы қос шығармада мүлдем басқаша суреттелген. Бұл тұста «Нибелунг жыры» бүргіндердің Кримхильда құрған қақпанға сақадай сай келіп, көзсіз ерлік көрсетіп, ғұндарды өз елінде қалай тұқыртқаны туралы, тіпті Ғұндардың тәңірқұтының бірі Бледаның басын кесіп алып, ұзақ айқастан соң шөлін ғұндардың қанын ішіп қандырғаны жайында баяндайды. Бұл шығарма – ерлік жыры. Ондағы кейбір эпизодтарды әсірелеу элементтері көрініп тұратыны анық. Ал Тұрсынханның романында бұл той үстіндегі қырғынға аса мән берілмеген. Тарихи тұлға туралы роман жазып, көп жылдар ізденісте болғандықтан, Т. Зәкенұлы осыған дейін «Нибелунг жыры» шығармасымен таныспады деп айта алмаймыз. Әлемдегі ең танымал жырлардың біріндегі Еділге қатысты тарихи оқиғалардың жай-жапсарын біле тұра, той үстіндегі қанды қырғынға мән бермеуінен дегенін демде жасай алатын Еділ бейнесін асқақтатып көрсетуді ойлаған деп топшылай аламыз. Шығармаға сүйенсек, Кримхильда әменгерлікпен Еділге тиер алдында өзінің болашақ күйеуіне өз төркіні мен Хагеннен кек алып беруіне өтініш жасаған болатын. Оның сөзінше ағалары мен анасы сөзінде тұрмай, уәде етілген жарына қосылуына кедергі болған. Сөйтіп оның арман-тілегімен, өтінішімен санаспастан, сүйікті қызы мен қарындастарын бақытынан айырған. Ал жеңгесі Брюнхильда болса, сол кездегі бүргіннің даңқты батыры Хагенді әдейі жіберіп, өзінің абыройын қорлады деген жаламен Зигфритті (Кримхильданың сүйіктісі) өлтірткен. Оған себеп болған Кримхильда өзіне сыйлық деп ойлап тағып алған алтын белдік пен сақина еді. Сөйтсе, бұл белдік пен сақина бір кездері Брюнхильданың Зигфритке берген сыйлығы екен. Сол арқылы олардың ашына-жай болғандығы да мәлім болады [10, 106-б.]. Егер салыстыра қарасақ, сәйкеспейтін дүниелер көп. «Нибелунг жыры» туындысында бұл қырғынның себебін басқаша баяндайды. Жырға сүйенсек, Кримхильда ханым жеңгесі Брюнхильданы өз күйеуі Зигфритпен қосылып үлгерген деп болжайды. Өйткені Брюнхильдаға сапарынан Зигфрит әкелген сақина мен белбеу сол топшылауға себепші болды, бұл тұрғыда екі шығармада ұқсастық бар. Алайда төркініне келген Кримхильдамен Гунтердің жары, ханша Брюнхильданың ерегісі күйеулерінің мықтылығын салыстырудан басталып, ең соңында жеңгесі Брюнхильданы өзінің болашақ күйеуімен араларында болуы мүмкін арсыздықпен айыптауға дейін апарады. Бұл айыптау кезінде өз сүйіктісінің опасыздығынан қорланған Кримхильданы емес, керісінше соны абырой санап және сол оқиғаны өз жеңгесін мұқату үшін, ең соңында өз күйеуінің абыройын асырып көрсету үшін қолданған әйелдің сипатын көре аламыз:

«Then spake the Lady Kriemhild: / «So may'st thou let me go.  
With the ring upon my finger / I the same can show:  
That brought to me my lover / when first by thee he lay.»  
Ne'er did Lady Brunhild / know grief as on this evil day.  
Quoth she: «This ring full precious / some hand from me did steal,  
And from me thus a season / in evil way conceal:  
Full sure will I discover / who this same thief hath been.»  
Then were the royal ladies / both in mood full angry seen.  
Then gave answer Kriemhild: / «I deem the thief not I.  
Well hadst thou been silent, / hold'st thou thine honor high.  
I'll show it with this girdle / that I around me wear,  
That in this thing I err not: / Siegfried hath lain by thee full near» [9].

Бірақ жыр сюжеті бойынша романда шындық ретінде көрсетілген бұл оқиға Брюнхильдаға тағылған жалған айып болып, Зигфриттің өз аузымен жоққа шығарылады және бұл ісі үшін қайнағасына өз қалыңдығына ескерту жасайтынын мәлімдейді:

«Thereto gave answer Siegfried: / «An if she thus hath said,  
Full well shall she repent it / ere doth rest my head:  
Before all thy good warriors / of that I'll make me free,  
And swear by my high honor / such thing hath ne'er been told by me.»  
... «So should we govern women," / spake the thane Siegfried,  
«That to leave wanton babble / they should take good heed.  
Forbid it to thy wife now, / to mine I'll do the same.  
Such ill-becoming manner /in sooth doth fill my heart with shame» [9].

Сонымен қатар, жырға сүйенсек, бұл ерегістен кейін орын алған қырғын тек қана Кримхильданың ұйымдастыруымен болған еді. Бұл тойда қандай да бір шикілік барын бүгін елінен келген Кримхильданың төркіні сезсе де, жанында жүрген Еділ де, оның қасындағы кеңесшілері де білмеген. Осы қырғын кезінде Бледа мен Атилланың Кримхильдадан туған ұлы Ортлиб қайтыс болады. Біреуінің басын Данкварт, екіншісінің басын Хаген алады. Сонымен қоса көптеген ғұн сарбаздары қаза тауып, Еділ және Ғұн елі үлкен шығынға ұшырайды, абыройсыздыққа қалады. Ал романда оқиға мұндай үлкен ауқымға ие емес. Кримхильда Еділге өтініш жасайды, Еділ бар жағдайды түсініп, Кримхильданың жай-күйін ұғынған соң сәті келген тұста кегін алып беруге уәде береді. Сонымен бірге Еділдің Кримхильдадан туған баласы бұл қырғыннан кейін дүниеге келеді, ал анасы сол баланы туу кезінде дүние салады. Ал бұл той үстіндегі қайғылы оқиға Атилла мен Кримхильданың неке тойы күні болады: «Кәрі Хильдебрант пен Бренский оның әмірін екі еткен жоқ. Түктен-түк алаңсыз, құдды құдалыққа келгендей асыр-сауық, базар күлкінің ішінде бейжай отырған Бүгін төрелері аяқ астынан қанды қырғынға тап болды. Еділдің күшті баскесерлері олардың бірін қоймай өлтіріп, той кешін қызыл қырман қылды» [10, 123-б.].

Біршама қарама-қайшылықтар болғанымен, солардың ішінен де екі шығармаға ортақ Еділдің сипаттарына куә болуға болады:

«To her gave answer Hildebrand, / a thane right praiseworthy:  
«Who harms the Nibelungen / shall ne'er have help of me,  
How great soe'er the guerdon. / Such deed he well may rue,  
For never yet did any / these gallant doughty knights subdue.»  
Eke in courteous manner / Sir Dietrich her addressed:  
«Vain, O lofty mistress, / unto me thy quest.  
In sooth thy lofty kinsmen / have wronged me not at all,  
That I on thanes so valorous / should thus with murderous purpose fall.  
«Thy prayer doth thee small honor, / O high and royal dame,  
That upon thy kinsmen / thou so dost counsel shame.  
Thy grace to have they deeméd / when came they to this land.  
Nevermore shall Siegfried / avengéd be by Dietrich's hand» [9].

Жоғарыдағы жырдан алған үзіндіде кек алуға бекінген Кримхильдаға көмектесуден Хильдебрант та, Дитрих те бас тартады. Қанша қасқой, қатігез іс-әрекеттерін көрсек те, олар рыцарьлар еді және рыцарьлар заңымен жүретін де, қарусызға, әлсізге, соның ішінде даңқты батырларға деген қарым-қатынас мүлдем бөлек болатын. Сонымен қатар Еділдің өте қонақжай екенін және өз қонақтарына келгенде сондай қамқор екенін де білетін. Бұл үзіндіден де әділетті әрі қонақжай, ешкімді бөле-жармайтын әміршіге мойынсұнған сарбаздардың Еділдің ескертуіне, әрі Еділдің қонақтарына деген адалдығын анық көруімізге болады.

«Нибелунг жыры» тойдағы қырғын кезінде Еділдің сипатын аңғалдау, мұрнының астында болайын деп жатқан нәрсені сезбейтін секемсіз етіп көрсетеді. Алайда жатқа да, жақынға да адалдығы, соғыс пен жекпе-жек заңдарын құрметтейтіні, оның үстіне туыстықты

аттамайтыны көрініп тұрады. Осыған дейінгі үзіндіде де бұл сипатты Еділден ғана емес, оның қасындағы көмекшілерінен де көрген болатынбыз. Той үстінде ғұн сарбаздарының біреуі келген қонақ скрипкашының қолынан қаза тапқанда, кек алуға ұмтылған өз сарбаздарын Атилла былайша тоқтады:

«From one of that Hun's kinsmen / who near by him did stand  
Snatched he a mighty weapon / quick from out his hand,  
And therewith backward smote them, / for fierce his anger wrought.  
«Shall thus my hospitality / unto these knights be brought to naught?»  
«If ye the valiant minstrel / here 'fore me should slay,»  
Spake the royal Etzel, / «it were an evil day.  
When he the Hun impaléd / I did observe full well,  
That not through evil purpose / but by mishap it so befell.  
«These my guests now must ye / ne'er disturb in aught.»  
Himself became their escort. / Away their steeds were brought  
Unto the stables / by many a waiting squire,  
Who ready at their bidding / stood to meet their least desire [9].

Ашулы әскерінің арасынан өз қонақтарын алып шығып, той болатын ордаға бастаған Атилла өзгелерге өзінің қонақжайлығын жоққа шығармауға және бұдан былай қонақтардың мазасын алмауға бұйрық береді.

Зерттеу мақаламыздың басында «Нибелунг жыры» туындысындағы Еділ бейнесінің аса адуынды, қаһарлы етіп суреттелмегені туралы айтқан болатынбыз. Бұл жырдан Еуропа халықтары «Құдайдың қамшысы» деп қорыққан Ғұндардың тәңірқұтын көре алмайсыз. Мүмкін оның себебі жырдың Еділдің асқақтығын емес, Еділге қарсы тұра білген, ерлікпен қаза тапқан нибелунгтердің тарихын баяндау мақсатынан да болар. Оны әспеттеп, мақтайтын, әрі қорыққаны көрініп тұратын тұстары көп жерлерде кездескенімен, жекелеген эпизодтарға тоқталсақ, Еділдің өзгеше бейнесі ашыла түседі. Солардың бірі бүгіндер келген тойдың үстінде болады. Өзінің Кримхильдадан туған баласын нағашыларымен таныстырып, болашақ екі елдің арасындағы татулыққа үміт артып, баласын бүгіндердің қолына тәрбиелеуге де бергісі келген Атиллаға берген Хагеннің жауабы өте ауыр болады. Баласының ұзақ өмір сүрмейтіні, болашақта оған өз басы қызмет етпейтіні туралы Ғұндардың қағаны Еділге ашықтан-ашық сөйлеген Хагенге не Еділ, не бүгін хандары ләм-мим дей алмай қалады. Хагеннің бұл сөзіне жауапсыз, қарсылықсыз қалған бүгіндердің үш патшасы да оның сөзін мақұлдағандай боп көрінгенімен, сөйлемеген соң анығын аңғара алмаймыз. Осы сәтте ауыр сөзбен қорланған қаған қанша іштей булықса да, Хагеннің сөзінен тіксінесе де, ашуға берілмей, өзін ұстап қалады:

«Well might these my masters / on his faith rely,  
Grew he e'er to manhood," / Hagen made reply:  
«Yet is the prince, I fear me, / more early doomed of fate.  
"Twere strange did any see me / ever at court on Ortlieb wait.»  
The monarch glanced at Hagen, / sore grieved at what he heard;  
Although the king full gallant / thereto spake ne'er a word» [9].

Егер ақылға салатын болсақ, бұл тұста «Құдайдың қамшысы» аталып, дәурені жүріп тұрған патшаның үнсіз қалуы, патшаға тән мінез емес секілді. Бледельдің басын шауып тастаған Данкварттың ісінің қасында Еділдің үнсіздігі қорқақтық секілді көрінді. Төмендегі мына үзіндіде де Еділдің өзіне тәуелді, бағынышты адамға жалынып, алдында тізерлегенін көрсек болады:

«Etzel the mighty monarch / to implore him then began,  
And king and queen together / down knelt before their man» [9]. Бұл оқиға той үстіндегі қанды қырғын кезінде болып жатыр. Еділ мен Кримхильданың өзіне бағынышты адамға дәл

осылай жалынууының себебі, өз қол астындағы батырларының бірі Рюдегердің бүгіндерге қарсы соғысудан бас тартуы еді. Өз қонақтарынан қорыққан Еділ, не әскерімен, не ақылымен айла таппай, амалсыз қызметшісінің алдында тізерлейді.

«Thereto replied King Etzel: / «Who then gave help to me?

My land and lordly castles / give I all to thee,

If on my foes, O Ruediger, / revenge thou wilt provide

A mighty monarch seated, / shalt thou be by Etzel's side» [9] деген үзіндіде де Еділдің бойындағы шарасыздық көрінгендей болады. Өз жерінде өзіне қонаққа келген, әрі ғимарат ішінде қамаулы бүгіндерге әлі келмеген Еділді көргенде оның құдіреттілігі, мықтылығы, айбары қайда деген заңды сұрақ туындауы мүмкін.

Төмендегі үзіндіде де Еділдің өкініші арқылы оның бойындағы қорқыныштың ұшқыны көрінеді. Өзінің зорға аман қалғанын, скрипкашы сарбаздың қолынан қаза таба жаздағанын сөз еткенде, қағанға тән қасиеттері жетіспейтіндей көрінеді.

«When the country's monarch / had gained the outer air,

Turned he looking backward / and gazed on Volker.

«Alack such guests to harbor! / Ah me discomfited!

That all the knights that serve me / shall before their might lie dead.

«Alack their coming hither!» / spake the king once more.

«Within, a warrior fighteth / like to wild forest boar;

Hight the same is Volker, / and a minstrel is also;

To pass the demon scatheless / I to fortune's favor owe» [9].

Қалай десек те, «Нибелунг жыры» көне герман тайпаларының ерлік жыры. Сол себепті ондағы образдар жүйесін солай қабылдау, сол арқылы тарихты тану қателік болар. Өйткені онда елдің, болашақ ұрпақтың игілігі үшін әр түрлі бұрмалаулар орын алуы мүмкін. Біз оның екі арасын әр түрлі елдердің тарихи мұраларын, фольклорлық үлгілерін зерттеу арқылы айқындауымыз қажет.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, Еділ – әлем тарихындағы алып тұлғалардың бірі. Танымалдылығы үшін де ол туралы ел кезіп жүрген аңыздардың есебі жоқ. Скандинавия сагаларында Еділ жөнінде немесе біз қарастырған Зигфрит, Гунтер жөнінде аңыздар мистикаға, фантастикаға да құрылып, ежелгі грек мифтерімен сарындас келіп жатады. Бір анығы, әлемдік тұлғаның әдеби-көркем бейнесін жасауға бір шығарманың құдіреті жетпесі анық. Дегенмен, Т. Зәкенұлының «Атилла. Балқан тауға барғандар» романы Еділ қаған бейнесін сомдауда жасалған батыл қадамдардың бірі. «Тұрсынхан кейіпкерлерінің мінезі оқиға барысында ашылып отырады» [15, 471-б.]. Автор басты кейіпкер бейнесін жасауда ұлттық сөз өнерінің көркемдік дәстүрлеріне сүйене отырып, өз авторлық позициясынан ауытқымайды. «Нибелунг жыры» туындысымен салыстыра қараудағы мақсатымыз, екі түрлі кеңістіктегі Еділ қаған туралы қалыптасқан ұғым-түсініктер мен образдық ерекшеліктерді бағамдау, айырмашылық пен ұқсастықтарды анықтау еді. Қос шығарманы салыстыра қарастыру нәтижесінде Еділ қағанның әділетті, адал, бейбіт сүйгіш, жомарт, аңғал, құдайшыл секілді сипаттары романда да, жырда да ашылған болатын, ал ұқсас келмейтін тұстардың себебі ретінде екі шығарманың жазылудағы мақсаты, автордың ұстанымы, көркемдік шешім мен әрқилы аңыз-әңгімелердің көптігін жатқызуымызға болады. Ғалым Рақымжан Тұрысбек бастаған зерттеушілердің «Astra Salvensis» ғылыми журналында жарық көрген мақаласында көркем шығармадағы қаһарман бейнесінің сомдалуына қатысты төмендегідей де деректер бар: «When great personalities become a hero of fictions their behavior, action, intention and goals have different character and it seems that it was not they who preserved the state, but other ordinary people» [16]. Сонымен қатар бүгін батырларының ерлігін жырлаушы «Нибелунг жыры»

туындысында көрініс тапқан Еділ образына ғұн елі тарапынан қысым-қиыншылыққа тап болған халықтың көзқарасы да тікелей әсер етті деп топшылаймыз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұхтар Мағауин. Шыңғысхан. [Электронды ресурс]. URL: <http://kerey.kz/?p=2535> (қаралған күні 11.10.2023)
2. Шаханов М. Ғашықтық ғаламаты: Өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Өнер, 2012. – 480 б.
3. Бораш Б.Т. Қазақ поэзиясындағы хандар тұлғасы: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 440 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 2. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы.– 2002 – 336 б.
5. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиет бастаулары). Зерттеу. – Астана: Елорда, 2000. – 288 б.
6. Қоңыратбаев Ә., Бердібай Р. Фольклор және әдебиет туралы зерттеулер / Классикалық зерттеулер. Көп томдық. Т.16. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 432 б.
7. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. – 232 б.
8. Бердібай Р. Он томдық шығармалар жинағы. Т. 6. Тарихи роман. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2018. – 432 б.
9. George Henry Needler. The Nibelungenlied in English. 1904. Contents. The Lay of the Nibelungs. Original 1190/1200. Text C (ca. 1230) - Hohenems-Labberg Manuscript. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gutenberg.org/files/7321/7321-h/7321-h.htm> (қаралған күні 11.10.2023)
10. Зәкен Т. Аттила. Балқан тауған барғандар: тарихи роман. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 160 б.
11. Бердібай Р. Он томдық шығармалар жинағы. Т. 5. Роман және заман. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2018. – 288 б.
12. Сәменқызы Ұ., Тұрысбек Р., Селами Федакар. Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы тұлғаның көркемдік концепциясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2(128). – Б. 137–152. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.11>
13. Attila the hun. Nic fields. Illustrated by Steve Noon, 2014. [Электронды ресурс]. URL: [https://www.academia.edu/24851607/Attila\\_the\\_Hun](https://www.academia.edu/24851607/Attila_the_Hun) (қаралған күні 11.10.2023)
14. Maenchen-Helfen. The World of the Huns. – Los Angeles/Berkeley: University of California Press, 1973. – 602 p.
15. Қазақ романы: өткені мен бүгіні: Ұжымдық монография. – Алматы: Алматы баспа үйі, 2009. – 644 б.
16. Turysbek R.S., Sarekenova K.K., Baitanasova K.M., Myrzakhmetov A.A., Aimukhambet Z.A. The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of statehood // Astra Salvensis. – 2021. – P. 383–393.

### REFERENCES

1. Muhtar Magauin. Shynghyskhan [Genghis khan]. [Elektrondy resurs]. URL: <http://kerey.kz/?p=2535> (qaralghan kuni: 11.10.2023). [In Kazakh]
2. Shakhonov M. Gashyqtyq galamaty: Olender, balladalar, poemalar [Unprecedented love: poems, ballads, poems]. – Almaty: Oner, 2012. – 480 b. [In Kazakh]
3. Borash B. T. Qazaq poeziyasyndagy handar tulgasy [Image of khans in kazak poetry]: Oqulyq. – Almaty: ZhShS RPBK «Dauir», 2012. – 440 b. [In Kazakh]
4. Abai (Ibrahim) Qunanbaiuly. Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinagy. T. 2. Olender men audarmalar [Abai (Ibrahim) Qunanbaiuly. A two-volume collection of his works. Vol 2. Poems and translations]. – Almaty: Jazushy.– 2002 – 336 b. [In Kazakh]

5. Kelimbetov N. Korkemdik dasturjhalgastygy (Ejelgi turki poeziasy jane qazaq adebiet bastaulary). [Continuation of artistic traditions (ancient Turkic poetry and the origins of Kazakh literature)]. Zertteu. – Astana: Elorda, 2000. – 288 b. [In Kazakh]
6. Qonyratbaev A., Berdibai R. Folklor jane adebiet turaly zertteuler [Studies on folklore and literature] / Klassikalyq zertteuler. Kop tomdyq. T. 16. – Almaty: Adebiet alemi, 2013. – 432 b. [In Kazakh]
7. Alpysbaev Q. Qazaq adebietindegi tarihi shygarma: tanym jane korkemdik [Historical work in Kazakh literature: cognition and artistism]. – Almaty: Taimas baspa uii, 2008. – 232 b. [In Kazakh]
8. Berdibai R. On tomdyq shygarmalar jinagy. T. 6. Tarihi roman. [Ten volume collection. Vol. 6. Historical novel]. – Almaty: RPBK «Daur», 2018. – 432 b. [In Kazakh]
9. George Henry Needler. The Nibelungenlied in English. 1904. Contents. The Lay of the Nibelungs. Original 1190/1200. Text C (ca. 1230) - Hohenems-Labberg Manuscript. [Electronic resource]. URL: <https://www.gutenberg.org/files/7321/7321-h/7321-h.htm> (date of access 11.10.2023)
10. Zaken T. Attila. Balqan tauga bargandar [Atilla. Balkan mountain visits]: tarihi roman. – Nur-Sultan: Foliant, 2020. – 160 b. [In Kazakh]
11. Berdibai R. On tomdyq shygarmalar jinagy. T. 5. Roman jane zaman [Ten volume collection. Vol. 5. Novel and time]. – Almaty: RPBK «Daur», 2018. – 288 b. [In Kazakh]
12. Samenqyzy U., Turysbek R., Selami Fedakar. A. Nurpeiisovtin «Songy paryz» romanyndagy tulganyn korkemdik koncepciiasy [The Concept of Personality in the Novel «Final Respects (Songy paryz)» of A. Nurpeisov] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №2(128). – B. 137–152. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.11>. [In Kazakh]
13. Attila the hun. Nic fields. Illustrated by Steve Noon, 2014. [Electronic resource]. URL: [https://www.academia.edu/24851607/Attila\\_the\\_Hun](https://www.academia.edu/24851607/Attila_the_Hun) (date of access 11.10.2023)
14. Maenchen-Helfen. The World of the Huns. – Los Angeles/Berkeley: University of California Press, 1973. – 602 p.
15. Qazaq romany: otkeni men bugini [Kazakh novel: past and present]: Ujymdyq monografiya. – Almaty: Almaty baspa uji, 2009. – 644 b. [In Kazakh]
16. Turysbek R.S., Sarekenova K.K., Baitanasova K.M., Myrzakhmetov A.A., Aimukhambet Z.A. The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of statehood // Astra Salvensis. – 2021. – P. 383–393.